

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ  
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№   1   ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

27.10. 2023 жыл

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы – аға оқытушы Әбсаттар С., АҚ мүшесі, PhD. академиялық персонал – Тажибаев Р., АҚ мүшесі, PhD. академиялық персонал – Анламасова М., АҚ мүшесі, саяси ғ.к. академиялық персонал – Нысанбаева А., АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н., АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Женгизхан Жаналтай (онлайн зум арқылы), АҚ мүшелері, білімгерлер өкілдері – Эргаштаев Ш., Мұстафа Санжар Ышын, Райымкүл А.

**Күн тәртібі:**

1. АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
  - әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;
  - түлектер моделін әзірлеуге қатысу
  - ББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлу жүргізу
4. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АҚ төрағасы Әбсаттар С.** АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерінің моделін әзірлеу, Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар

**Сөз кезегін АҚ мүшесі, академиялық персонал, Тажибаев Р. алды:**

АҚ жұмысы ұйымдастырылып «Әлеуметтік ғылымдар» даярлау бағыты бойынша АҚ жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік «Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасы отбасы және жастар мәселесі жөніндегі бөлімі» басшысы Н.Аралбековпен және Еуразия ғылыми-зерттеу институты директоры орынбасары Женгизхан Жаналтаймен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді. **АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н.:**

Қазіргі таңда жас мамандарды мемлекеттік қызметке дайындау, жоғары деңгейді жауапкершілік, жастар арасында қоғамдық дамудың жалпы заңдарын, ішкі және сыртқы факторлардың, олардың компоненттерінің өзара іс-қимылын, жұмыс істеуін, дамуын, негізгі процестерді білу, отбасылық және жастар мәселелермен жұмыс істей білу, алынған ақпаратты синтездей және талдай білу, Ақпараттық технологиялар саласында білімі мен іскерлігі, дербес компьютер мен ақпараттық технологиялар, Деректер

базалары мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты көрнекі түрде- зерттеулердің нәтижелерін ұсыну жұмыстарымен үйрету бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз. **АК мүшесі, академиялық персонал – Тажибаев Р.:**

Пікірлеріңізге толық қосыламын. Ал Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ. Өзіміздің түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде сайттарға қою мәселесімен айналысу керекпіз.

**АК төрағасы Әбсаттар С.:** Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**Шешім:** Әлеуметтік ғылымдар даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрағасы:**



**Әбсаттар С.**

**Хатшысы:**



**Нысанбаева А.**